

Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 қыркүйекте № 15624 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2020 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметтерге тарифтер бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2020 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник

С. Жасұзақов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 3 тамыздағы
№ 412 бұйрығымен
бекітілді

Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік мекемесінің ақылы негізде көрсетілетін қызметтеріне тарифтер

Ескерту. Тарифтер жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 14.09.2021 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Мекеменің (филиалдың) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)			
			1 сағаттан айына 12 сабақ		бір рет болу	
			ересек адам	балалар	ересек адам	балалар
043-ші көрсетілетін қызметтер түрі – Дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызметтер						
1	Спорт комитеті – Орталық спорт клубы	Тренажер залындағы дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері	8 000			
		Жүзу бассейніндегі дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері	11 000	8 000	1 200	700
		Спорт залындағы және жүгіру жолағындағы дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері	6 000			
2	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы облысы, Панфилов к.)	Спорт және ойын залындағы дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері	3 000			
		Жүзу бассейніндегі дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері	10 000	6 000	1 200	700
044-ші көрсетілетін қызметтер түрі – Қарулы Күштерге ведомстволық тиесілігі жоқ жеке және заңды тұлғалардың спорттық іс-шараларды ұйымдастыруы және өткізуі бойынша көрсетілетін қызметтер (жарыстарды, арнайы кешенді спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу)						
Р/с №	Мекеменің (филиалдың) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)			
		Бір спортшыға оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу (тұру және спорттық объектілерде жаттығу процесі), 1 тәулік үшін	3 000			
		Бір спортшыға оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу (тұру, тамақтану, спорттық объектілерде жаттығу процесі және трансфер), 1 тәулік үшін	6 000			

3	Спорт комитеті – Орталық спорт клубы	Спорт залында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	15 000
		Кіші спорт залында және ойын залында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	5 000
		Футбол алаңында және жүгіру жолағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	25 000
		Мини-футбол алаңында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	12 500
		Жүзу бассейнінде спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	12 000
4	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы облысы, Панфилов к.)	Бір спортшыға оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу (спорттық жабдық пен спорттық құрылысты ұсынумен тұру) 1 тәулік үшін	2 000
		Спорт залында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	5 000
		Футбол алаңында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	7 000
		Мини-футбол алаңында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	3 500
		Жүзу бассейнінде спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	12 000
5	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы, Щучинск к.)	Бір спортшыға оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу(тұру және спорттық объектілерде жаттығу процесі), 1 тәулік үшін	3 000
		Бір спортшыға оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу (тұру, тамақтану, спорттық объектілерде жаттығу процесі), 1 тәулік үшін	6 000
045-ші көрсетілетін қызметтер түрі – Спорттық құрал-жабдықты және спорттық құрылыстарды ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтер			
Р/с №	Мекеменің (филиалдың) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)
6	Спорт комитеті – Орталық спорт клубы	Спорттық құрылысты ұсыну (көркем гимнастикаға арналған спорттық платформа, жекпе-жек күрес залы, спорттың ойын түрлеріне арналған зал, теннис корты, спорт залы, тренажер залы, әскери-қолданбалы және қолданбалы спорт түрлері платформасы), 1 сағат үшін	10 000
		Спорттық құрылысты ұсыну (тир), 1 сағат үшін	12 000
		Спорттық құрылысты ұсыну (футбол алаңы), 1 сағат үшін	15 000
		Спорттық құрылысты ұсыну (футбол алаңының жартысы және мини-футбол алаңы), 1 сағат үшін	7 500
		Спорттық құрылысты ұсыну (кіші спорт және ойын залы), 1 сағат үшін	4 000
		Спорттық құрылысты ұсыну (жүзу бассейні), 1 сағат үшін (1 жолақ)	3 000
		Спорттық құрал-жабдықты ұсыну (татами, даянг, ринг, күрес кілемі) 1 тәулік үшін	30 000

7	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы облысы, Панфилов к.)	Спорттық құрылысты ұсыну (жүзу бассейні), 1 сағат үшін (1 жолақ)	3 000
		Спорттық құрылысты ұсыну (спорт залы), 1 сағат үшін	4 000
		Спорттық құрылысты ұсыну (футбол алаңы), 1 сағат үшін	5 000
8	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы, Щучинск к.)	Спорттық құрылысты ұсыну (спорт залы), 1 сағат үшін	6 000
		Спорттық құрал-жабдықты ұсыну (шаңғы-роллерлік трасса, шаңғы, коньки, плюшкалар, велосипедтер), 1 сағат үшін	1 500
		Спорттық құрал-жабдықты ұсыну (скутер, карда жүретін көлік), 1 сағат үшін	2000

076-шы көрсетілетін қызметтер түрі – Санаторийлік-курорттық қызмет және медициналық оңалту бойынша көрсетілетін қызметтер

Р/с №	Мекеменің (филиал) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)
9	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы, Щучинск к.)	Медициналық қызметтер (суасты душ-массажи)	1000
		Медициналық қызметтер (Шарко души)	500
		Медициналық қызметтер (циркуляр, сарқырамалы, төменнен көтерілетін душ)	500
		Медициналық қызметтер (булы сауна, самырсынды бөшке)	2000
		Медициналық қызметтер (парафин-озокеритті аппликациялар)	600
		Медициналық қызметтер (СМВ терапия, УЖЖ терапия)	600
		Медициналық қызметтер (ингаляция)	300
		Медициналық қызметтер (галокамера)	400
		Медициналық қызметтер (жалпы массаж)	4000
		Медициналық қызметтер (МЖА, иық буынының, қол массажи)	800
		Медициналық қызметтер (арқа және іш массажи)	1000
		Медициналық қызметтер (бұлшықетке егілетін инъекциялар)	300
		Медициналық қызметтер (көктамырға егілетін инъекциялар)	1000
		Медициналық қызметтер (көктамырға құйылатын инъекциялар)	1500
		Медициналық қызметтер (элекросон)	600
		Медициналық қызметтер (физиотерапевт дәрігердің қабылдауы)	1000
Медициналық қызметтер (кардиолог дәрігердің қабылдауы)	1000		
Медициналық қызметтер (ЭКГ)	500		

078-ші көрсетілетін қызметтер түрі – Қонақүй қызметтері

Р/с №	Мекеменің (филиалдың) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)
10	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы, Щучинск к.)	Екі орынды стандарт, 1 тәулік үшін	5 000
		Люкс, 1 тәулік үшін	7 500
11	Спорт комитеті – Орталық спорт клубы	Бір орын, 1 тәулік үшін	2 500
		Бір орынды стандарт, 1 тәулік үшін	4 000
		Екі орынды стандарт, 1 тәулік үшін	5 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК